



БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ-ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Qazaqstan» ұлттық
арнасына берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керек жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жо-



спарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде

осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қаралайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының

қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбітелемей бірден айтсақ, бұл-азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Элеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, элеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш алдесе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар.

(Жалғасы 2-3 беттерде).

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН



Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мақият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керігі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтың ба еді есіз? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел

өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар

қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашуызаға толы пікірлер айтылды. Себебі белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алу. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығы лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер-соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әлауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне

мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әлауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

– «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізгі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сақталса ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

(Соңы. Басы 1-2-беттерде).

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырғеое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

- Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Соқырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

- Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде

айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

- Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

-Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

-Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

-Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

-Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

- Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Тұрасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты, орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

- Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті

мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

-Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

- Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туынды бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

- Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

- Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

- Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен Жайна СЛАМБЕК, журналист.

Аудан әкімі



Жартытөбе және Құмкент ауылдық округтерінде болды

Өткен аптада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Жартытөбе ауыл округінің әкімі Болат Есенқабылдың 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдады. Сондай-ақ, аудан басшысы тұрғындар мен жүздесіп, олардың ұсыныс пікірлеріне жауап берді. Есептік кездесуге аудандық мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары мен ауыл тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты.

Тұрғындар тарапынан Жартытөбе ауылдық ауруханасына жөндеу жұмыстары жүргізілсе, ауыз су құбырының су ағатын құрылысы ауыстырылса деген ұсыныстар айтылды. Аудан басшысы тұрғындар көтерген мәселе бойынша ауруханаға жөндеу жұмысын жүргізу үшін ЖСҚ жасатуды демеуші тарапынан шешу жолын қарастыратынын жеткізді. «Шолақорған су» КММ-на ауыз су құбырының құрылысын ауыстыруды мамыр айында бітіруді жүктеді. Бабата елді мекені тұрғындары атаусыз 7 көшеге есім қою мәселесін көтеріп, электр жарығының төмендігіне шағым-

жай-күйімен танысты.

Сонымен қатар, сол күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Құмкент ауыл округінде болып, тұрғындармен кездесті. Ауыл әкімі Фани Пәрдебекұлының есебін тыңдап, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Көп көтерілген мәселенің бірі Шолақорған-Құмкент бағытындағы ескі жол. Бүгінде тозығы жеткен күре жол – жолаушылар үшін қолайсыздық тудырып келеді. Тұрғындар осы жолға жөндеу жұмыстары жүргізілсе деген ұсыныстың көптің пікірі екенін жеткізді. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тұрғындар қойған мәселе бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды. «Қазіргі таңда осы бағыттағы жол сараптамадан өтіп жатыр. Ол аяқталған жағдайда жол мәселесі шешімін табады», - деді.

Сондай-ақ, тұрғындар ауыз су мәселесін көтерді. Аудан басшысы су қондырғысына мембрана орнату үшін бюджеттен ақша бөлінгенін жеткізіп, алдағы уақытта шешілетінін айтты. «Жылыбұлақ» каналына жөндеу жұмыстары бойынша



данды. Көтерген мәселеге тиісті бөлім тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілетінін жеткізіп, шешім қабылданатынын айтты. Аққолтық ауылының тұрғындары құрылыс жұмысы жүргізіліп жатқан ауылдық мәдениет үйінің аяқталуын қадағалауды сұрады. Сондай-ақ, көшеге асфальт төселінсе деген ұсынысын жеткізді. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы аталған жұмысты өз қадағалауына алатынын айтып, көшені жөндеу жұмыстары бюджет мүмкіндігіне қарай шешілетінін жеткізді.

Аудан басшысы ауылдық округке іс-сапар барысында ауылдық аурухана, ескі мектептегі бокс үйірмесін және Қ.Кемелұлы жалпы орта мектебінің

сауал қойылып, оған жобалау сметалық құжаттары демеушілер есебінен жүргізіліп отыр. Ол аяқталған жағдайда құрылыс жұмысына қаржы қарау үшін жұмыс жасалынатынына тоқталды. Электр желісі бойынша туындаған сауалдарға жауап беріп, оның шешу жолын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ ауданы бойынша бөлімшесіне тапсырды. Қорытынды сөз сөйлеген аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы тұрғындар айтқан «ҚазФосфат» ЖШС-нің тау-кен өндіру кәсіп орнының жұмыс барысынан хабардар екеніне тоқталып, алдағы уақыттарда көпшілікпен бірлесіп жұмыс жасайтынын айтты.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Парламент Мәжілісінің депутаты ауданымызға іс сапармен келді

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сырым Ертаев Созақ ауданына іс сапармен келді. Тұрғындармен қоғамдық қабылдау өткізді. Жастар орталығы ғимаратында ауданның белсенді жастарымен кездесті.

Аудандық «Nur Otan» партиясының кеңсесінде азаматтарды жеке өтініштері бойынша қабылдады. Оған аудандық «Nur Otan» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ролан Әлжанов қатысты. Қоғамдық қабылдауға 10 тұрғын қатысып, ауыл шаруашылығы, білім, газ тарту жұмысы, тұрғын үй, сондай-ақ жекелеген мәселені көтерді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сырым Ертаев тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс өтініштерге жауап беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, заң аясында өз шешімін табуына үлесін қосатындығын жеткізді.

Сапар аясында Парламент депутаты аудандық Жастар орталығы ғимаратында болды. Ауданның белсенді жастарымен кездесу өткізіп, сауалдарына жауап берді.

ҚР Мәжілісі депутаты Ертаев Сырым Махамбетұлы Созақ «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ғимаратында аудан жастарымен еркін форматта кездесу өткізді. Асқар Сүлейменов



атындағы жалпы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Бауыржан Аманов сөз сөйледі. Сондай-ақ, Н.Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп лицейінің орыс тілі пәні мұғалімі Арай Ысқақова «Жастарды қолдау үшін жасалған мемлекеттік бағдарламалардағы жас ерекшелігін 14-29 жас пен 18-35 жас аралығында бекіту туралы» ұсынысын жеткізді. Талантты ақын, Дәмен

Даулет «мүмкіндігі шектеулі талантты жастарға арналған бағдарлама дайындауға» ұсынысын айтып, «Жолданбаған Хат» кітабын сыйға тартты. Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жанынан құрылған «Value» волонтерлар ұйымының тарапынан атқарылған жұмыстармен танысты. Ерікті жастар ұйымының төрағасы Ербол Ержігітовке сәттілік тіледі. Кездесу соңында орталық басшысы Жеңісәлі Бақытжанұлы аудан жастарымен ашық әңгімелескен Сырым Маханбетұлына ризашылығын білдірді. Мәжіліс депутаты Созақ жастары көтерген мәселелерді назарда ұстайтынын атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

СОЛТҮСТІККЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ЖИЫН ӨТТІ

«Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Павлодар облысына, оңтүстіктен солтүстікке көшуге ниетті азаматтарға арнайы ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізуге келген жұмысшы топтың халықпен кездесу жиыны өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбеков, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абдухат Бакиров, Павлодар облысының ақпараттық-түсіндірме жүргізу жұмысшы тобының мүшелері, Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Елдос Даулетбаев, Созақ аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім басшылары мен мамандары, ауылдық округтері мен кенттерінің әлеуметтік сала мамандары және қоғам белсенділері мен солтүстік өңірге көшуге ниеті бар азаматтар қатысты.

Жиын барысында Павлодар қаласының халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Еркін Жұмашев, Павлодар қаласының жұмыспен қамту орталығының маманы Талғат Акимниязов, Павлодар облысы Железин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қайрат Ибрагимов, Павлодар облысы Аққулы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қайрат Нұрмағанбетов хабарлама жасады. Хабарлама барысында Павлодар облысы бойынша оңтүстіктен көшіп келген азаматтарға жасалған көмектер жайына тоқталды. Қазіргі таңда сол азаматтардың қандай жетістіктерге жеткендігі жөнінде қысқа метражды видео көрсетілді. Павлодар об-



лысында білім, медицина, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік саласында жұмысшы күші аз екендігін, егерде көшіп келген жағдайда мемлекет тарапынан азаматтарға көрсетілетін көмектер мен жеңілдіктер жайлы түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар, Павлодар облысының «Песчан жөндеу заводы» ЖШС-ның өкілі Роза Аликпарова сөз сөйледі. Бүгінде Павлодар өңірінде ауыл шаруашылығы саласында жұмысшы өтілінің күші аз екендігіне тоқталып, игерілмей жатқан жерлердің көптігін айтты. Көшіп келген азаматтардан ауыл шаруашылығы саласымен айналысамын десе, жер телімін беруге көмектесетінін жеткізді.

Р. С. Солтүстік өңірге көшуге ниетті азаматтар аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы мониторинг бөлімінің басшысы Сақтыбалдиев Олжас Әлкенұлымен 8 (725-46) 4-12-41 жұмыс телефонына, немесе 8-702-977-33-66 ұялы телефонымен байланысып толық мәлімет ала аласыздар.

«Созақ үні»-ақпарат.



Ауған соғысының ардагерлері оқушылармен кездесті

15-ші ақпан—Көнес әскерлерінің ауған жерінен шығарылған күніне орай Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде апталық іс-шара жасалып бекітілген болатын. Осыған орай апталық барысында тақырыпқа сай сынып сағаттары жалғасын тауып, 5-7 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді. Байқау барысында жеңімпаздар мектеп

әкімшілігінің мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ, 8-10 сыныптарға «Ерлікке тағзым» тақырыбында ерлік сабақтары өткізілді.

Апта қорытындысында 15-ші ақпан күні ауған соғысының ардагерлері Бабаев Мұхамеджан мен Абдуллаев Әбубәкір мектепке арнайы келіп, оқушылармен кездесті. Кездесуге мектеп ди-

ректоры С.Мәлікайдаров қатысып, оқушыларды ардагерлермен таныстырды. Қонақтар өздерінің өмірбаяндарын айтып, жастарға патриоттық тәрбие жөнінде өз ойларын ортаға салды. Жиында оқушылар ардагерлерге көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, қонақтармен естелік суретке түсті.

«Созақ үні»-ақпарат.

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Халқымыздың ғасырлар бойы жалғасқан ата танымында бірліктің маңызы айырықша. Дана халқымыз: «Бірлік болмай тірлік болмайды», «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», - деп бірліктің алдында байлықтың да құнсыз екенін сезінген. Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірлеріңді тануларың үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік», - делінген. Бұл аяттан Алла адамдарды бір-бірін тану ғана ұлт пен ұлысқа бөлгенін айта келіп, бір ата, бір анадан тарағанымызды еске салу арқылы татулықта, берекеде болуға үндегенін аңғарамыз. Ал, басқа дін өкілдерімен мәміледе: «Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыпайылық пен әдептілік сақтап пікір таласыңдар», - деп келетін Құран аяты бар. Мұны терең түйсінген қазақ халқы өзге дін өкілдерін қырын қарамай, құшақ жайғаны осының айқын айғағы. Қазақ халқы адамдарды нәсіліне, дініне, көзқарасына бөлмей «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», - деп көршісі кім болса да, онымен сыйласып, дәм-тұз айқастырып, жоқ-жітігіне қарайласып, достық қатынасты жоғары қойған.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бейбітшілік пен қоғамдық келісім – баға жетпес байлығымыз. Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кез келген қиындықты жеңіп, дамудың даңғыл жолында келеміз», - деген сөзі әрбір рухы асқақ азаматқа демеу болары сөзсіз.

Алайда, бірлік тілде болғанымен жүрекке болмаса, қоғамда жеміс бермейді. Себебі, жүрек-денемізде аса маңызға ие. Оның ісі шынайы, нақты болады әрі нәтиже береді. Демек, бізге бірліктің ауыз жүзінде ғана болғанынан, жүрекке болғаны аса маңызды. Сонда ғана қоғамда шынайы бірліктің көрінісі, нәтижесі болады. Абай атамыз да: «бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - дегенде осыны меңзесе керек.

Бірліктің қоғамымызға әсер ететін пайдасы тараптарының алғашқысы-тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады. Хадис-шәріпте

«Жамағатта (бірлік пен ынтымақта) рақымдылық бар, ал бөлінушілікте азап бар», - деген өсиет бар. Шынында да, берекені сақтамаудың соңы ауыр зардаптарға соқтырып, халықты азапқа ұшыратады. Ата-бабаларымыз да мұндай келеңсіздікке қатаң тыйым салған. Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысында» көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылған. 1885 жылы Шар бойында Абайдың қатысуымен жасалған «Қарамола ережесінде» де ұрыс-керіс шығарғандар қатаң айыпталған. Яғни, аташәпапнан бастап үш тоғызға дейін айып төлеген. Міне, бұл оқиғалар арқылы біздің тарихымызда Отан тыныштығы, ел бірлігі, ұлт тұтастығы жоғары бағаланғандығын айқын көруге болады.

Дана халқымыз «Айырылған азады, қосылған озады», «Артта қалғанды аю жейді, бөлінгенді бөрі жейді», - деп айшықты ой айтқан. Сонымен қатар, бірліктің үлкен пайдасы - ел гүлденеді, қоғам дамиды, ғылым алға басады. Береке-бірлік болған жерде ғана ел гүлденіп, құндылықтар жаңғырып, қоғамның рухы жаңарады. Береке болған жерде Құдай Тағала қоғамның және адамдардың әрбір жұмысына молшылық, табыс береді. Сол берекет арқылы істің өнімділігі жоғарылайды, өндіріс өркендейді, қоғамның дамуы қарқын алады. Майқы бидің: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», - деген сөзінде үлкен мән бар. Ел тыныштығы мен бірлігі үшін әрбіріміз өзімізге жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарап, болашағымыз үшін қазірден өз үлесімізді қосуымыз, елдің өркендеуі мен діннің қанат жайуы тек тыныштық пен бірліктің арқасында жүзеге асатынын ұмытпауымыз қажет.

Қорыта айтсақ, Мәңгілік Ел болу мұратындағы біздің қоғамға тыныштық пен берекенің тигізер пайдасы орасан. Ендеше, әрбіріміз тыныштықтың бағасын біліп, берекелі қоғамның уығы болып қадалғанымыз абзал.

Б.ШАЙМЕРДЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Жетісай ауданындағы маманы.

МӘМС: ӨТКЕН ЖЫЛЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР АРТҚАН

Өткен жылы елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша, стоматологиялық қызмет көрсетілді. Сондай-ақ, қызметтердің басым бөлігі балаларға көрсетілген. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиал директорының орынбасары Нұршат Айтымбетовмен стоматологиялық қызметті көрсету тәртібіне қатысты пікір алмасқан болатынбыз.

-Нұршат ханым, ақсыз стоматологиялық көмек жайлы білгіміз келеді...

-МӘМС жүйесінің іске қосылуының арқасында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықтың тиісті санаттары үшін белгілі бір стоматологиялық қызметтер қолжетімді болды. Жүйе енгізілген алғашқы жылы 6,8 млн қызмет көрсетілді. Бір жылдан кейін МӘМС бойынша стоматологиялық көмекті тұтыну бір жарым есеге – 10 млн қызметке дейін өскені байқалады. Стоматологиялық көмекті қаржыландыруды арттыру оған мұқтаж пациенттерді көп қамтуға мүмкіндік берді. Бұл ретте талдау көрсеткендей, стоматологиялық қызметтер негізінен 17 жасқа дейінгі балаларға көрсетілген.

Соңғы екі жылда МӘМС есебінен қаржыландыру аясында 37 млрд теңгеге 16,8 млн-нан астам стоматологиялық көмек көрсетілді. 2022 жылға сатып алу жоспарында 22,7 млрд теңгеге стоматологиялық қызмет көрсету қарастырылған.

Сонымен қатар, стоматологиялық көмекті учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз өз таңдауы бойынша алады. Яғни, қызметтерді алу үшін Қормен келісімшарты бар жеке стоматологиялық клиниканы таңдауға немесе өз емханаңыздың стоматологиялық кабинетіне жүгінуге болады.

Еліміз бойынша 600-ден астам медициналық ұйым МӘМС бойынша стоматологиялық қызметтер көрсетеді.

-МӘМС бойынша стоматологиялық көмекті кімдер алады?

-МӘМС пакеті бойынша жоспарлы стоматологиялық көмек мына пациенттер үшін қарастырылған:

-балалар;

-жүкті әйелдер.

Шұғыл стоматологиялық көмекті азаматтардың мына санаттары ала алады:

-18 жасқа дейінгі балалар;

-жүкті әйелдер;

-ҰОС қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалар;

-I, II, III топтағы мүгедектер;

-«Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар;

-атаулы әлеуметтік көмек алушылар;

-жасы бойынша зейнеткерлер;

-жұқпалы және әлеуметтік маңызы бар және айнала-сындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар;

-ерекше қажеттіліктері бар балаға немесе бала кезінен I топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін қазақстандықтар.

-Шұғыл стоматологиялық көмекке қандай қызметтер кіреді?

-Көрсетілетін қызметтер тізбегіне тоқталсақ,

-флегмонға терінің, тері астындағы тіндердің жедел бактериялық инфекциясы, көбінесе стрептококктар немесе стафилококктар себеп болады;

-абсцесс, фурункул, карбункул сияқты жақ-бет аймағының өткір, біркелкі емес қабыну аурулары;

-остеомиелит;

-сыртқы қол жетімділікті қажет ететін тіс жұлу;

-тек стационар жағдайында ғана көмек көрсетуге болатын басқа да жағдайлар.

Шұғыл көмек пациенттің өміріне қауіп төндіретін кенеттен болған жіті аурулар және созылмалы аурулар асқынған кезде көрсетіледі:

-пульпит (өткір немесе созылмалы);

-периодонтит (өткір және созылмалы);

-жақ-бет жарақаты (мысалы, тістің таяу немесе сынуы);

-жақ-бет аймағының одонтогендік және одонтогендік емес қабыну ауруларының өршу белгілері;

-стоматит;

-өткір ауыру жағдайларын-

да;

-жедел араласуды қажет ететін емдеу әдісі.

-Ал, пациенттерге көрсетілетін жоспарлы стоматологиялық көмек түрлеріне қандай қызметтер кіреді?

-Егер жоспарлы стоматологиялық көмекті алатын санат болса, онда төмендегі қызметтерді алады:

-анестезия;

-жақ немесе тістің рентген ографиясы;

-тісті жұлу;

-дайындау және пломба салу;

-периостотомия;

-пульпит, периодонтит, стоматиттің жедел түрлерін, альвеолитті емдеу;

-абсцестті ашу.

-Мәселен, пациенттерге тиісті стоматологиялық көмекке қатысты сұрақтар туындаса, қайдан білуге болады?

-Егер пациентте стоматологиялық көмек алуға қатысты сұрақтар туындаса, онда медициналық ұйымындағы Пациенттерді қолдау қызметіне жүгінеді. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, болмаса Қордың fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtanduryBot арқылы өтініш қалдыруға болады.

-Сұхбатыңызға рахмет! Сұхбатты жүргізген С.ТЕҢІЗБАЕВ.

Ерді-майдан батыр, ал еңбек ер атандырады. Сондай, еңбегі ер атандырған жанның бірі шолақорғандық қария Әбуов Әдехан. Ақпанның 13 күні сексеннің екісіне шығып отырған Әдекең және оның замандастары Орманов Өміртай мен Жолдасов Аман қариялар жайлы ауыл ақсақалдарынан үнемі жақсы естеліктер естіп өстім. Естеріңізде болса, бала жасымнан атам Қожанның қасынан бір елі айырылмай өскен менің өмірімнің қалған бөлігі де сол ауыл қарияларының ортасында өтті. Себебі, ауыл мешітінде ұстаздық және имамдық еткендіктен көпшілік жиылған жерлерде көп жүруге тура келді. Сонда ауыл ақсақалдарынан ауыл адамдары жайлы түрлі әңгімелерді жадыма тоқи бердім. Солардан, мен жоғарыда есімдерін атаған үш азамат балалық шағын, жігіттік кезі мен зейнетке дейінгі өмірлерін бейнетпен өткізген жандар. Бұл үшеуінің қай-қайсысы да өмірі мен еңбек жолын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етуге тұрарлық жандар. Әрине, бұл кісілерден Өміртай мен Аман қариялар қазіргі таңда хақтың рахметіне қауышып үлгерген. Ал, Әдекең Әбуұлы бүгінде о дүниелік болған жары Күліш ападан өрген 5 ұл: Бауыржан, Дәуржан, Біржан, Нұржан мен Мағжан және екі қызы: Гүлсім мен Ләйләдан тараған немере-шөберелерінің тілеуін тілеп, бір ғұмыр бейнетінің өтеуі зейнетін көріп отырған жан. Мен кейіпкерімді іздеп үйіне барғанымда еліміздің бас қаласы Нұрсұлтанда тұратын, ұзақ жылдар бойы ПҚҚ (ЦОП) та қызмет етіп зейнетке шыққан 3 ұлы Біржан әкесінің туған күніне орай келіп отырған беті екен. Артынша, үлкен ұлы Бауыржан, кіші ұлдары Нұржан мен Мағжан (қолындағы ұлы) да келді. Сонымен, мандық-саулық сұрасқан соң, бірден сұхбатымызға кірісіп кеттік.

-Әдехан Әбуұлы! Әуелі, өзіңіз жайлы, өткен өміріңіз жайлы айтсаңыз!

-Иә, өзім жайлы айтсам! Атам Жүсіп-әлі 1872 жылы, ал, әжем Гүлсім 1888 жылы туылған екен. Екеуінен 1 ұл, 3 қыз дүниеге келіпті. Сол жалғыз ұл менің әкем Әбу қария 1911 жылғы. Анамның да аты-жөні Жәдігер Даубайқызы, 1915 жылы өмірге кепті. Бұл кісілерден әпкем Сара 1938 жылғы, ал мен 1940 жылғымын. Әкеміз Әбу 1942 жылы соғысқа кетіп, қайтып оралмады. Үлкендердің айтуынша сол тұста Қарасуан колхозынан 44 азамат соғысқа аттанып, солардан Талым, Жолдас, Тәбет, Омарбек және Дадабек қариялар ғана елге аман-есен оралған. Анамыз әкемізден жас қалғандықтан, жақындары екінші рет күйеуге берген көрінеді. Біздер, әпкем Сара екеуіміз әкеміз Гүлсімнің қолында өстік. Бізден бөлек, әкеміздің қолында қызы Манат үш ұлымен (Ердеш, Қалмырза және Ерман) бірге тұрды. Ол уақытта, әкеміз Қызылскер колхозына тиесілі су диірменінің басында отыратын. Кәдімгі, төбесі сер сабанмен сыланған қоржын тамда тұрды. Ішуге ас, киерге киім жоқ қиын-қыстау заман еді. Киім жоқтықтан қыстың күндері сыртқа тек, дәрет сындыруға шығатынбыз. Е, шырағым! Қазір айтып отырсаң, бәрі де ертегі сияқты ғой. Қызыл әскердегі бастауыш мектебіне де тек көктем мен жаз және күзде ғана баратынбыз дағы қыстай үйде, пештің түбінде жататынбыз. Бізді сол, сенің Тоқмырза көкең оқытқан болатын. Сөйтіп бары-жоғы 4 сыныптық біліммен зейнетке де шығып отырған жайым бар. Барша замандастарым секілді мені де өмір ерте есейтіп, еңбекке де ерте араластырды ғой. Небәрі 10 жасымда қос айдайтын аттың тізгінін ұстадым. Бірде, аяғымды ат басып кетіп, өкшемің езілгені бар. Бірақ, ол уақыт сондай уақыт еді, ешкім көз жасыңа қарамайтын. Міне, осы кезде әкеңің ыстық құшағы мен анаңның аялы алақанын қатты іздедім. Өмірім осылай өскінен өтті ғой. Ол уақытта Ақсай соқа деген соқа болатын, жыртқан жерінің тереңдігі бір қарыстан асуы керек! Ол уақытта Қызылскер колхозын Боқан, Мырзабай, Үміт, Шәки қариялар басқарды. Сондай-ақ, Нұрқожа, Алдаш және Жұмабек есімді қойшылар мен жылқышы Оразайдың әкесі Абылай ақсақалдар бар болатын. Жаратқан өзі жарылқасын бәрі де жақсы кісілер еді. Барлығының да жақсылығын, қамқорлығын көрдім. Тек, 1954 жылы ғана бидай бітік шығып, алғаш рет қарынымыз тойып нан жедік. Ал, 1957 жылы өңірдегі барлық колхоздар бірігіп, Калинин атындағы алып кеңшарды құрды. Сол жылы Мырзабайдың даласы шалбындық шөпке бітіп қалды. Қазір ел

Комсамол деген жерге совхоз қоғам үйін тігіп, 3 комбайн мен екі шөп дестелітін жетек алып барды. Бұл бригаданы Базарбай ақсақал басқарып барды. Трактористер: Жазбек, Шайтемір, Бабай, Төл, Сартай және Еген қариялар еді. Әлі есімде, екі бірдей кигіз үй тігілді. Қалбибі деген апа аспаздық етті. Күніне 20-30 таба нан көмеді. Ашыған көже де үнемі дайын тұрады. Қалбике ана секілді кейуаналардың жұмысы өте ауыр болатын. Әрбір бригада да тура осындай еді. Қайсыбір басшылық қызметтегі әйелдер 60 сом ақша алса, жай жұмысшы әйелдер 40-30 сомнан айлық алатын.

-Әскерге қай жылы бардыңыз?

-1962 жылдың күзінде әскер қатарына шақырылдым. Шымкенттен 1500 бала поезға отырып, үш күннен соң Мәскеудің Қазан вокзалынан түстік. Сол жерде моншаға түсірді дағы түрлі әскери бөлімдерге бөліп жіберді. Шолақорғаннан мен, Бердібай, Серік және Жолтай 542-ші құрылыс дивизиясына түстік. Екі айға дейін учебкада болдық дағы,



ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ

мұнан соң жұмысқа шыға бастады. Негізінен, біздің құрылыс дивизиясы жол салумен шұғылданды. Көбінесе, вагон-вагон тас түсіріп, асфальт төсейтінбіз. Бала күнімінен қара жұмысқа жегілгендіктен ба бір күнде 90 тонна тасты бір өзім түсіріп тастайтынмын. Осылай 10 солдат еңбегімізбен еленіп, командирлердің көзіне түсе бастадық. Содан не керек, бір күні сержантымыз келіп: «Сенің атыңды алтын кітапқа енгізу үшін жоғарғы жаққа ұсыныс бердім» деді. Несін жасырайын, кәдімгідей қуанып жүрдім. Себебі, бала күнімен бері еңбегімнің алғаш рет ескерілуі еді. Дегенмен, алтын кітапқа ену нәсіп болмады. Сержантымыз айтуынша жоғарыдағы офицерлер: «Орыстың баласы құрып қалды ма?» деп, өз ұлтына бұра тартқан көрінеді. Екіншісі әрине. Маған бар болғаны жол құрылысының 6 разрядты мастері дегенді қиып берді әйтеуір. Содан, Отан алдындағы борышымызды үш жыл өтеп, елге оралдық.

-Елге оралған соң, немен айналыстыңыз?

-Немен айналысамын? Бар-жоғы 3 сыныптық білімі бар балаң жігіт қайта айналып сол, қара жұмысқа жегілдім ғой. Калинин совхозына жұмысқа тұрдым. Басшылар қайда жұмсаса сонда бардым. Малға жұмсаса, егіске жұмсаса егіске, құрылысқа жұмсаса құрылысқа кете бердік қой. Ә, арасында 1 жылдай ДЭУ мекемесінде де жұмыс істегенім бар. Айтып едім ғой, әскерде жүргенде 6 разрядтық мастер болдым деп. Дегенмен, әскерден келген соң көп ұзамай, 1966 жылы ширек ғасырдан астам отандасқан асыл жарым рахметтік Күліш Оразбайқызына үйләніп алдым. Құдайдың берген 5 ұлы мен 3 қызын өмірге әкелдік. Күліш апаң ұзақ жылдар бойы аудандық ауруханада медбике боп қызмет істеп, зейнетке шықты. Тек, 1974 жылы туған екінші қызым Гүлжан 1 сыныпта жүргенде ыстық самауырға құлап, күйіп қайтыс болды. Жаңылмасам, сенімен бір сыныпта оқыды ғой. Қалған ұл-қыздарымның барлығы дін аман. Бәрі де орта және жоғары білім иелері. Бәрі де аяқтанған. Әрқайсының өзінің үйі, жұмысы бар.

-Сізді, Өміртай және Аман қарияларды Калинин совхозының белді зvenoнанды болды деп, ауыл ақсақалдарынан естіп өстік. Үшеуіңіздің әрі әріптес, әрі бәсекелес, әрі құрдас болғаныңыз жайлы жылы естеліктер жиі айтылады. Сәті түскен екен өзіңіз айтып беріңізші!

-Иә, айтатындарындай бар. Үшеуіміз қатар жүріп еңбек еттік. Қай жерде жүрсек те опырып жұмыс істейтінбіз. Жұмыстан есте қашқан адамдар емеспіз. Содан да шығар, 70 жылдары үшеуімізге звеноводтықты берді. Жиырма жылға жуық жүгері ектік. Қайткенменде адам жүрген жерде пендешілік қалмайды екен ғой. Алғашқы кездері әкесі-жәкесі бар звеноводтардың жүгерісін алдымен оратын дағы олардың өнімінің

17 пайызына ғана скидка беретін. Ал, менің жүгерімді ең соңынан орып, 34 пайыз скидка алатын. Сол себепті де ә дегенде шекеміз шылқи қойған жоқ. Кейін барып, совхоздың басшылығына Сартбаев келіп, мән-жайға қаныққан соң: «Әй, Әдехан! Байқауым бәлкім біліп, бәлкім білмей біреулер сенің ақыңды жеп келгенге ұқсайды. Мен осы совхоздың басында тұрғанымша сенің ақыңды ешкімге жегізбеймін, алаңдама!» деді. Содан бастап, айым оңынан туды ғой. Сол жылдары «ВИР-420» деген жүгері тұқымы келіп, соның 10 маған тиіп қалды. Соны егіп, жүгеріге қарық болғаным бар. Жоғарыда, Гүлсім әкеміздің қолында Манат апамыздың үш болды деген едім ғой. Солардан, Қалмырзаев Ердеш комбайыншы болатын. Өте еңбеккер азамат еді. Сол үшін де бірнеше рет депутат та болды, ауданымыздың алдыңғы қатарлы механизаторы болды. Гектарынан 110 центнер өнім алған уақытарымыз болды. Сол үшін де Сартбаевтың қолынан 17 мың сом премиальный алғаным бар. Соның нәтижесінде там салдым, «Волга» жеңіл автокөлігін алдым. Екі рет қатарынан аудандық кеңеске депутат болдым ғой. Кейін, зейнетке шыққан соң кемпірім екеуіміз төменгі Қарасуандағы диірменді жекеменшікке алып, азғантай малмен күнелтіп отырдық. Әсіресе, 90 жылдардағы тоқырау уақытында елдің жағдайы кәдімгідей төмен болды. Шолақорғаннан жерлестеріміз келіп, бидайларын тарттырып әкететін. Тәулігіне 1 қап ұн шығаратынмын. Қазіргі таңда кіші ұлдарым Нұржан мен Мағжан сол шаруашылықты дөңгелетіп отыр.

-Жуырда, мына Өрқақа жайлы мақала жазатын боп, ауылдың бірз қарияларымен әңгімелескенім бар еді. Солардан, Жасұлан Нұрсейіт ағам сіздің жалаңаш қолмен қасқыр алғаныңызды айтып еді, сол оқиға жайлы не айтасыз?

-Иә, болды ондай жағдай! Жалпы, 17 қасқырды соғып, атып алғанмын. Бірақ, сол Нұрсейіт айтқан қасқыр жүде дәу қасқыр болатын. Ауызына адамның басы сыйып кететіндей дәу, арлан қасқыр еді. Мотоциклмен Жаманайға кетіп бара жатқаным ғой, қарсы алдымнан 4-5 күшігін ерткен арлан қасқыр шығып қалмасы бар ма. Содан, сол нән қасқырдың соңынан түстім. Қашып келіп бір қораға кірген соң тоқтап, люлькіге қарасам мылтығымды тастап кетіпін. Бірақ, қызығына кірген соң кері шегінейін ба? Қолыма арқан орадым дағы артынан кірдім. Бір бұрышқа қысылғанын сезген соң, сабазым маған қарсы шапты. Содан арқан оралған қолымды тоса қалдым да ақсиган ауызына екінші қолымды тығып жібердім. Не керек, сол тыққаннан мол тығып, қашан арлан қасқыр тынысы тарылып құлағанын жібермедім. Талықсып құлаған сәтін аңдым, соғып алдым ғой. Бұдан бөлек, жүгеріде жүрген кезімде 15 қабан (шабайы шошқа) атып, соғып алдым.

-Негізі ол да бір өміріңіздің қызық

кезеңдері екен ғой, совхозда істеп жүрген кездеріңізді айтамын. Өмекең мен Әбекең және сіз үшеуіңіздің қоғам үйде табақтас боп қалады екенсіздер көбінесе. Содан, сіз ет турайды екенсіз дағы еттің маңызды жерлерінің бәрін қамырдың астына тығып қоятында ұқсайсыз. Сол жайында айтсаңыз!

-Иә, сондай бір қызық жылдар еді ғой. Өзің айтқандай, қоғам үйде ет асып, бізге тамақты легенмен емес, көрсенмен әкелетін. Өйткені, жұмыс істегенімізге қарай тамақты да жақсы жейтінбіз. Етті үнемі мен турайттынмын. Содан, бір күні қарасам қасымдағы екеуі мен ет турап болғанша жіліктің бәрін мүжіп, жылы-жұмсақтың бәрін жеп үлгереді екен. Мұны байқаған мен де қулыққа басатын болдым. Оларға өңкей сіңірлі жерін беремін дағы жылы жұмсақ жерін алдымдағы қамырдың астына тығып қоямын. Сөйтіп шетінен ауызыма салып жеп отырамын ғой. Бір күні мұны Өміртай аңғарып қойып: «Бәсе, неге бұның ауызы босамайды де-

сем, жылы жұмсақтың бәрін алдына турап, қамырдың астына тығып қояды екенсің ғой!» деп, мен турап болып қалғанда керсеңді айналдырып жіберетін дағы бір қолмен басып отыратын. Кейін, мен де айламды асырып, аңдып отырып, Өміртай керсеңді айналдырып жібергенде туралған еттерді уыстап алыстап қоятынды шығардым. Керсен айналады, бірақ ет менің уысымда қалатын. Әрине, мұның барлығы достық, әріптестік әзілдер ғой. әйтпесе, Өміртай екеуіміз өміріміз жұмысты бөліп істеп, соңғы нанымызды да бөліп жеумен өтті ғой. Е, шырағым! Міне, сол көшегі ішуге ас, киюге киім таппай, көрінгеннің босағасында өскен тірі жетім, Әбудің Әдехансы ертең, ақпанның 13 күні 82 жасқа толғалы отырмын. Балалығым, жігіттік шағым мен зейнетке дейінгі өмірім ауыр бейнетпен өтсе де, еске алатын қызықты шақтарымыз көп еді ғой. Бір буын ұрпақтың қайғы менен қуанышқа толы өмірі қас қағым сәтте, көзді ашып-жұмғандай өтті де кетті ғой. Небір жақсы менен жайсаңдар талқаны таусылып қара жердің қойнына енуде. Сол, бейнетке, зейнетке толы жылдарды еске алумен, балаларым мен немерелеріме естелік айтумен бір күніміз өтіп жатыр ғой әйтеуір. Қатарың сиреген сайын, барар жеріңді ойлап, өткеніңе есеп қылады екенсің ғой!

-Баяғыда, жасы 80 келген бір кейуанадан келіндері: «Апа! Сексен жас қалай екен?»- деп сұратты. Сонда кейуана ұзақ ойлаған: «Ей, шырақтары-ай! Оның несін сұрайсыңдар? Анау есіктен кіріп, мынау есіктен шыққандай болып отырмын ғой!»- деген екен. Сол айтпақшы, 80 деген жас тек айтқанға ғана оңай екенін түсінемін. Енді осы сексеннің сегізгіне шыққан сіздей қария кейінгі ұрпаққа не деп өсиет етер едіңіз?

-Е, Данияржан! Егер біздерді тыңдайтын жас болса айтар едім: «Барларыңды бағалаңдар! Олай дейтінім, біздің буын ұрпақ не көрмеді? Соғыс, аштық, репрессия барлығының да зардабын біздің буын ұрпақ шекті ғой. Біреудің әкесі болса, шешесі болмады. Біреудің шешесі болса, әкесі болмады. Енді біреуді әкесі де шешесі де болмады. Бала боп ойнайын десек, бұтымызда лыпамыз болмады. Бір күн талғажау қыларлық бір күн тапсақ, екі күн аш жаттық. Кохоз, совхоздың уақытында аталарың мен әжелерің, біз секілді көкелерің мен апаларың етіктерімен су кешіп жүріп, бүгінгі мынау қоғамды қалыптастырдық. Келесі буын ұрпақ осының қадір қасиетін түсініп, жаратқанға шүкір, ата және аға буын ұрпаққа алғыстарын жаудырулар тиіс. Солардың қас-қабағына қарап, көңілдеріне қаяу түсірмеулері керек! Ертең өздері де солай қартайтындарын естен шығармауы тиіс!

Данияр БЕК.

Жұмағалимен балалық шақтардың қызықты күндерін бірге өткіздік. Ол аудан орталығы Шолаққорғанда Пәрімбек нағашымның отбасында дүниеге келіп осында өсті. Мен анам Ақшайым екеуіміз оның үйіне жиі келетінбіз. Пәрімбек анамның туған нағашысы. Анасы Күлайланың үлкен ағасы. Бұл шаңырақ құт қонған, қонақжай, көпшіл, дастархандас, ағайын-туғанға пейілі кең, мейірімді жанға болатын. Қызылкөден келген кісілер осы үйге жиі келіп, абыр-дүбір болып жататын. Аудан орталығына шаруасымен келген кісілер осында келіп табан тірейтін.

Пәрімбектің жұбайы Дариға апамыз дастарханын кеңінен жайып ақ дархан көңілмен келгендерді қарсы алып құрақ ұшып жүретін.

Ойын баласы біздер Жұмағали екеуіміз шұрқырасып табысып, қашан үйге

Жұмағали Маханов аудан орталығындағы мектепті тәмамдаған соң Алматыдағы мемлекеттік театр және көркемсурет өнер институтының «Театр және кино» факультетіне құжат тапсырды. Шығармашылық реттеуден өтіп, белгіленген емтихандарды жақсы тапсырып, 1979 жылы аталған оқу орнына оқуға түсті. Институт қабырғасында жүріп республикамызға танымал әртістердің тәлім-тәрбиесін алды. Ұстаздары Жұмағали Пәрімбекұлының болашағынан мол үміт күтті. Оның келешекте үлкен өнер иесі болатынына сенді. 1983 жылы ол оқуын бітіре салысымен М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актерлік құрамына қабылданды. Осынау жылдар ішінде ол алдыңғы буын өнер иелерінен тәлім-тәрбие, тәжірибе алып, өзінің актерлік шеберлігін шыңдады.



фильмдерде негізгі ролдерді сомдады. Актер қандай кейіпкерді сомдаса да сол образға жан-тәнімен еніп, барынша шынайы шығаруға барлық күшін салады. Сондықтан болар ол сахнаға шығарған бейнелер көрермендер көңілінен шығып жататындығы. Студент кезімізде театрға көп баратынбыз. Сол кездерде Жұмағали ойнаған спектакльдерді талай тамашаладық. Актердің өнеріне көрермендер ықыласпен қол соғып, ризашылықтарын білдіріп жататын. Ол уақытта Жұмағалидың көпшілікке енді таныла бастаған шағы болатын. Сонда да ол талай өнер майталмандарымен әріптес болып өзінің сахнадағы шеберлігін шыңдады. Сахна саңлақтарының ақыл-кеңесін алып, олардың тәжірибелерін бойына сіңірді. Нәтижесінде шебер сахнагерлердің қатарына қосылды. Талай түндерді

Созақтан шыққан Жұмағали

қайтқанша жұбымызды жазбайтынбыз. Онымен қатар өскен достары мұның ауласынан шықпайтын. Ләңгі тебу, асық ойнау, «тығымашақ» ойнау, қадама таяқ ойнау осы аулада өтетін. Жұмағали жастайынан көпшіл, ұйымдастырғыш, қағілез болып өсті. Осы қасиетіне қарай балалар оған үйірсек болып, оның төңірегінен шықпайтын. Жұмағали екеуіміз түйдей құрдаспыз. Сондықтан біздердің ойынымыз жарасып, бір-бірімізден айырылмайтынбыз.

Жазғы каникулда Жұмағали біздің үйде жүретін. Жайлаудың таза ауасында, бұлақтың мөлдір суын ішіп, атқа мініп, қозы-лақ бағатынбыз. Жұмағали неше түрлі ойындарды табан астында таба қоятын. Екеуіміз қас қарайғанша ойын қызығына берілетінбіз.

«Болар бала басынан...» демекші сол кездерде ол сөз тапқыр, шешен, алғыр бала болып танылды. Бала кезінен үлкен кісілердің неше түрлі қылықтарын салып, маңайындағыларын қырантопан күлкіге бөлейтін.

Жастық шақтың қызықтары таусылған ба? Ауылдан келген кезде Жұмағали мені ертіп талай мәрте киноға алып баратын. Ол кішкентай кезінен киноға қатты қызығатын. Кино десе ішкен асын жерге қоятын.

Сол кезде аудан орталығында жазғы кинотеатр деген болатын. Сонда барып талай көркемфильмдерді тамашалағанымыз әлі есімде. Кейде билет болмай қалып талдың төбесіне шығып көретінбіз. Сөйтіп жүріп бір-екі мәрте талдан құлап, жазым бола жаздаған сәттеріміз де болды.

Жұмағалидың әдемі қылықтарына апамыз Дариға қатты қуанып, осы баламнан өскенде өнер адамы шығады деп үміттенетін. Ол анасына қатты еркелейтін. Жүрегінің жылуын, балалық мейірімін анасы үшін аямайтын.

Екеуіміз де аналарымыз өзге балаларына қарағанда ерекше жақсы көретін.

Жұмағали екеуіміз бір-бірімізді көрмесек тез сағынысып қалатын едік. Мұндайда анама: «Шолаққорған қашан барамыз, деп маза бермейтінмін. Анам менің өтінішімді екі етпей, екеуіміз жолға шығатынбыз.

Жұмағали да Сәрсенбек қашан келеді деп асыға күтіп жүреді екен. Содан мен барған бетте оған ілесемін де ойын қызығына беріліп кететінбіз.

Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ өнер үйірмелеріне қатысып, талантын таныта бастаған ол сол кездің өзінде «жас әртіс» атанып үлгерген. Бұған Дариға апамыз қатты қуанып, баласының жетістігіне шаттанып отыратын. Шіркін, ананың сол сәттегі ерекше масаттанғанын тілмен жеткізу мүмкін емес.

Шыңғыс Айтыматовтың «Ақ кеме» (реж. Ә.Мәмбетов) бала рөлінен бастап, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» (реж. Е.Обаев) драмасында—Қортық шал, «Қилы заманда» «сахналық нұсқасы: Н.Оразалин, реж. Ә.Рахимов)–түрме бастығы, «Еңлік Көбекте» (реж. Х. Әмір Темір)–Кенбай, Ә.Рахимовтың «Қылмыскерге куәлігінде» (реж. Ә.Рахимов)—Боян, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» (реж. Ә.Рахимов)–Қожа, Иран-Гайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» (реж. А.Әшімов)–Ақылбай, Е.Домбаевтың «Желіккен жеңгейлерінде» (реж. Ә.Мәмбетов)–Мақай, Д.Исабековтің «Кішкентай ауылында» (реж. С.Асылханов)–Мутан, М.Әуезовтің «Дос-бедел досында» (реж. Қ.Жетпісбаев)–Махмуд, Т.Нұрмағанбетовтің «Бес бойдаққа бір той» (реж. Ә.Рахимов)—Жарбол, «Сан-Францискодан келген бұлтта» (реж. Ә.Рахимов)–Еркін, А.Сүлейменовтің «Төрт тақта -жайнамазында» (реж.

Ә.Рахимов)–Черчение, «Жетінші палатада» (реж. Ә.Рахимов)–Виктор, «Қыздай жесір-штат қысқартуда» (реж. Ә.Рахимов)–Еркін, С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» (реж. Ә.Рахимов)–Жолаушы шал, Ә.Таразидің «Ақын... Періште... Махаббатында» (реж. Ә.Рахимов)–Асау жігіт, М.Махатаевтың «Қош махаббат» (реж. Б.Атабаев)–абитурант, Қ.Ысқақов, Шахмарденнің «Қазақтар» (реж. Т.Әл-Тарази)–Әдік, Ө.Боранбаевтың «Әңгілік» пьесасында (реж. О.Кенебаев)–Түрік, Д.Исабековтің «Мұрагерлерінде» (реж. О.Кенебаев)–комиссия мүшесі, Т.Әбдіқовтің «Ұлы мен ұры» (реж. Е.Обаев, Е.Нұрсұлтан)–оператор, Ж.Ерғалиевтің «Қасқағымында» (реж. Е.Нұрсұлтан)–Шахан, І.Есенберлиннің «Алмас қылышында» (реж. А.Кәкішева)–Құба би, М.Омарованың «Көмбе наның дәмінде» (реж. А.Кәкішева)–Кәріс шал образдарын шынайы сомдап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, лайықты бағасын алды. Мұнан да басқа сахна қойылымдарында кейіпкерлер бейнесін жасап, өнер өлкесінде талантын танытты.

Жұмағали Маханов кино саласында да өзіндік өнер өрнегін салып жүрген актер. Атап айтқанда, «Көріпкел» (реж. А.Қарпықов), «Жол», «Қарама қарсы тексеріс» (Д.Қожақанов) «Ай кратері жиегі» (реж. С.Баймұханов) «Жел қызы» (реж. Б.Қалымбетов) «Болашақ» сериалы (реж. С.Өтепбергенов) «Біржан сал» (реж. Д.Жолжақсынов), «Дорого к матери» (реж. А.Сатаев) және тағы басқа

өзіне бекітіліп берілген ролдердің образына кіремін деп ұйқысыз өткізген сәттері де болды. Жұмағали көп оқиды, ізденеді. Гастрольде ол ауыл-ауылдардан өзінің кейіпкерлерінің бейнесін іздеуге көптеп мән береді. Ауыл кісілерінің образын жасаған кезде оның рольді шынайы шығаруға пайдасы тиеді дейді, актер.

Қырық жыл сахнада келе жатқан Жұмағали Пәрімбекұлы осынау жылдар ішінде Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атақтарына ие болды. Әрине бұның бәріне еткен еңбек, төккен тердің арқасында қол жеткізгені анық.

Соның бала шағынан армандаған өнер өлкесінің биік шыңына шыққан Ж.Маханов бұл күндері асқаралы алпыс жасқа келіп, мөрейді бөленіп отыр. Әлі талай мәрте көрермендердің көзайымына айналар образдар сомдап, өнерді өрге жүздіре берері анық.

Өмірлік қосағы Зұлхатая Маханова «Қазақстан» ұлттық телеарнасында режиссер болып қызмет атқарса, перзенттері Мәдина мен Мерей өнер саласында жемісті еңбек етіп жүр.

Созақтан шыққан сахна саңлағын мерей жасымен құттықтап, бала жастан бірге өскен сыныптасы, ақын Төреғали Тәшеновтің өлең жолдарымен түйіндегенді дұрыс көрдім.

Өнерде түсті асығы алшы, дара!

Күлдірді, би биледі, жылады да,
40 жыл сіңді еңбегі театрға.
40 жыл бір орында еңбек ету,
Бақыт қой, шіркін, «Әкемтеатрда!».

Жандарбекова Шолпан болды анасын-дай,
Мәмбетов алды өзінің панасына-ай.
Қысқасы, ұлы, кілең корифейлер,
Еркелетті «Полктің баласындай!».

Киноға да түсті, оның жыры ұзақ тым,
Рөлінде бірі-тілмаш, бірі-сатқын...
Бұйырған оның бәрі маңдайына-
Жемісі «Өнер» дейтін Ұлы Бақтың!

Рөлдерін майда демей, ірі демей,
Сомдады күні демей, түні демей.
Жолын қуып бүгінде өнерде жүр,
Мәдина қызы менен ұлы Мерей.

Бала жүрек-сен соққан, құраған ұй,
Құлағасын тұрғанша мына пәни!
Тал түсің-туың бүгін желбіреген-
Алпысың құтты болсын, ЖҰМАҒАЛИ!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЗЫБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.